

## Астық жинау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 тамыздағы N 1203 Қаулысы

**ЕСКЕРТУ. Қаулының мәтіні және қосымшасы сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1270 қаулысымен .**

1999 жылдың астық жинау науқанын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы "Атқару өндірісі және соттардың мәртебесі туралы" Заңының 44-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола, Алматы, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері бір  
а п т а м е р з і м д е :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Кең дала акционерлік қоғамына азаматтық іс жөніндегі талап-арызы бойынша 1999 жылдың 9 тамызында Алматы қалалық соты айқындауының негізінде тұтқындалған 630 (алты жүз отыз) "Джон-Дир" астық жинау комбайндарын (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) қосымшаға сәйкес схема бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен сақтауға қабылдауды қамтамасыз етсін; <\*>

сақтау шартында тұтқындалған мүліктерді сақтау және сақтауда тұрған астық жинау комбайндарын (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) құндылығына залал келтірмей 1999 жылғы астық жинау науқанында, оның ішінде аталған облыстардың жеке және заңды тұлғаларына қызмет көрсету жолымен пайдалану құқығы үшін өздерінің жауапкершілігі туралы жағдайларды қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып, 1999 жылғы 16 тамыздағы азаматтық іс бойынша Алматы қалалық сотының шешімін атқару бойынша атқару өндірісі аяқталған соң және осы қаулының 1-тармағында көрсетілген "Джон Дир" астық жинау комбайндарының (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) меншік құқығын алу кезінде 628 (алты жүз жиырма сегіз) "Джон Дир" астық жинау комбайндары бір жиынтық үшін 75000 (жетпіс бес мың) АҚШ долларына барабар бағамен, 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндары (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) осы қаулының 2-2 тармағына сәйкес анықталатын бағамен тауар түріндегі несие ретінде 7 (жеті) жыл мерзімге және 1 (бір) процент жылдық сыйақы (мүдде) ставкасымен "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамына берілсін, оған: <\*>

комбайндарды заңдарда белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған облыстардың әкімдеріне осы облыстардың жергілікті бюджеттерінің лимиттері шегінде жеті жыл

мерзімге лизинг беруді қамтамасыз етсін;<\*>

банк кепілдемесі болған кезінде жоғарыда көрсетілген облыс әкімдері талап етпеген астық жинау комбайндарын (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары), осы әкімдердің ұсынымдарымен заңды тұлғаларға заңдарда белгіленген тәртіппен лизингке беру үшін пайдалансын. <\*>

"Джон Дир" астық жинау комбайндары лизингке талап етілмеген жағдайда, "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы көрсетілген комбайндармен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қызмет көрсетуді ақылы түрде жүргізсін. <\*>

заңнамада белгіленген тәртіппен 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндары (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) аукцион нысанында өткізілетін конкурстық сауда-саттықта сатылсын. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 1966 қаулысымен .**

2-1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп 2000 жылдың 20 қаңтарына дейін мерзімде республикалық бюджеттің "Кең дала" ашық акционерлік қоғамы үшін шеккен шығындарын өтеу тетігі жөнінде ұсыныстар енгізсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 1966 қаулысымен .**

2-2. "Джон Дир" астық жинау комбайндарының құны десте жинаушысыз 70 000(жетпіс мың) АҚШ долларына барабар, ал істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарының (жаткаларсыз, подборщиктерсіз және олардың ілеспе материалдарынсыз) құны қосылған құн салығы мен аукциондық сату алымын шегере отырып, конкурстық сауда-саттықта комбайндарды сатудан түскен сомаға барабар деп белгіленсін. <\*>

2-3. Осы қаулының 2 және 2-2-тармақтарында көрсетілген "Джон Дир" астық жинау комбайндарының құны несиені ақшалай баламада көрсету мақсатында белгіленді. <\*>

2-4. Қосылған құн салығы мен аукциондық сату алымын шегере отырып, 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатудан түскен сома "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамының шотына 2 (екі) істен шыққан "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатудан түскен соманы есепке алу сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде несие бойынша өтеу ретінде республикалық бюджеттің кірісіне есепке алынуға тиіс. <\*>

**ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 1966 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді және жаңа 2-3, 2-4-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.11. N 836 қаулысымен .**

3.Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 19 тамыздағы  
№ 1203 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Кең дала"  
акционерлік қоғамына талап-арызы бойынша азаматтық іс жөнінде  
1999 жылдың 9 тамызында Алматы қалалық соты шығарған  
айқындаманың негізінде тұтқындалған "Джон-Дир" астық жинау  
комбайндарын (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және  
оның ілеспе материалдары) сақтауға берудің  
Схемасы**

1. Облыстардың әкімдері "Джон-Дир" астық жинау комбайндарын (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) сақтауға мынадай санда қабылдайды:

Ақмола облысының әкімі - 110 (жүз он) комбайн;

Алматы облысының әкімі - 15 (он бес) комбайн;

Қостанай облысының әкімі - 237 (екі жүз отыз жеті) комбайн;

Солтүстік-Қазақстан облысының әкімі - 268 (екі жүз алпыс сегіз) комбайн;

2. 1-тармақты орындау үшін орналасқан аумақтан:

Алматы облысынан 55 (елу бес) "Джон-Дир" астық жинау комбайнынан (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) 40 (қырық) комбайн  
Ақмола облысына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысынан 298 (екі жүз тоқсан сегіз) "Джон-Дир" астық жинау комбайнынан (сондай-ақ жаткалары, подборщиктері және оның ілеспе материалдары) 30 (отыз) комбайн Қостанай облысына беріледі.